

ମେଲା  
ହିନ୍ଦୁ





مجلد السابع

ترجمة محمد جانوف قلتساي



ЖЕТИНШІ ТОМ

*Aударған Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ*



УДК82/821(100-87)

ББК84(0)

М90

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАFAT КОМИТЕТІНІң “ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӨДЕБІЕТ ТҮРЛЕРІ”  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Мыңбір тұн.**

Сегіз томдық.

**М 90.** Орыс тілінен аударған Қалтай Мұхамеджанов.

Өлеңдерін аударған Сейфолла Оспанов.

Астана: Аударма 2009. Т.7. – 448 бет.


ISBN 9965-18-264-7

M    4703000000  
      00 (05) – 09

УДК82/821(100-87)  
ББК84(0)

ISBN 9965-18-264-7 (Т.7.)  
ISBN 9965-18-242-6

© Қазақша аудармасы “Жазушы”, 1988  
© “Аударма” баспасы, 2004  
© “Аударма” баспасы, 2009



## СЕЙФ-ЭЛ-МУЛІК ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Лдияр патшам! Әлқисса, қадым замандарда, өткен ғасырларда парсы патшаларының ішінде Хорасан өлкесін билеген Мұхаммед ибн Сабаик деген патша болыпты. Ол үнді, хинди, қытайдағы кәпірлер мен әйгілі өзеннің<sup>1</sup> ар жағындағы елдерге жыл сайын жорыққа аттанып тұрады еken. Қысқасы, арабтардан басқа ат тұяғы жетер жерлерге дамыл бермейді. Сөйте жүре жауынгер батырлығымен, мейірімділігімен, әділдігімен, жомарттығымен де әлемге әйгілі болыпты.

Патша ежелден дастарқан басында баяғы заманғы қисса-хикаяларды, тарихи әпсаналарды, ғажайып ертегілер мен жыр-дастандарды жалықпай тындауға құмар еken. Бәйіт айтқан шайыр, ертегі шерткен қариялардан патша алдынан сый-сияпат көріп, сыйлық алмай құралақан кеткендері болмапты. Кейде бөгде елден келіп, ертегі, бәйіт айтқандардың сөзі ұнаса болды патша оларға да қатқабат киім мен шекпен жауып, ер-тұрманды жорға ат мінгізіп, оның үстіне мың динар ақша беріп жіберуді өзінің салтына айналдырған еken. Осылайша олжаға батқандар патшаға алғысын жаудырып жүре беретін болыпты.

Күндердің күнінде патшаның сарайына бір қария келеді. Сол жерде отырып, бұрын-соңды патша құлағы шалмаған әңгіме айтады. Ұйып тындаған патшаға мұның әпсанасы қатты ұнайды. Патша мың динар Хорасан ақшасымен қоса, ер-тұрманды ат мінгізіп тарту-таралғыны бұрынғыдан да бұған молырақ береді. Сол-ақ

<sup>1</sup>Әйгілі өзен дәп орта ғасырлық мұсылман географтары Әмударияның солтүстігіндегі (қазіргі Орта Азия) ислам дінін мойындаған елдерді атаған.

екен бұл патшаның сахи-жомарттығы көп елдерге жайылып кетеді. Осы сыйбыс өзі шайыр, өзі ақпейіл, жомарт Хасан деген саудагердің де құлағына шалынады.

Осы Мұхаммед ибн Сабаик патшаның өзі қызғаншақ, іші тар, арамдығына аты мертігетін бір уәзірі бар-ды. Оған бай да, кедей де өмірі ұнап көрген емес. Пенде біткеннің бәрін жек көреді. Патшаның алдынан сый-сияпatsыз, тарту-таралғысыз кетіп жатқандар жоқ. Мұндайда іштарлықтан жарылып кетуге даяр жүретін уәзір “Ақша судай ағып жатыр, ел-жұрт ертең титықтап қалады, патшаның бұл бетінен қайтатын түрі жоқ” деп күнкіл шығарумен жүреді. Оны елең қылар патша қайда. Уәзір одан сайын өртенеді. Осылайша уақыт өте береді.

Бір күні Хасан саудагер жайлыш хабар патшаға жетеді. Патша Хасанды шақыртып адам жібереді. Хасан саудагер келгесін патша отырып:

– Қош келдің, Хасан, мен өзі ертегі, дастандарды тыңдауды жасымнан ұнататын адаммын. Сөзі ойымнан шыққан шайырларға, әңгімешіл жаңдарға, дәмдес адамдарыма сый тартып, құрмет көрсеткенімді мына уәзірім жақтырмай-ақ қойды. Сол үшін мен десе жаны қас. Оның бір жөні бола жатар.

Ал енді, бүгін сен маған өзім бұрын-соңды естімеген бір әңгіме айт. Әпсананды ұнатсам, өз қарамағымдағы жердің үстінен шаһар, қорғандары бар тағы бір уәлаят берем, өзінді бас уәзір етіп сайлаймын. Бүкіл патшалығым көз алдында болады. Оң жағымда отырып өзіммен бірге патшалықты басқарасың. Егер де айтқан әңгімек ойымнан шықпаса, қазіргі қарауындағының бәрін өзіме алып, бұл өлкeden қуып жіберем, – дейді.

– Құлдық, тақсыр, дегеніңіз болсын. Бірақ, алдыңызда тұрған пақырыңыздың бір өтініші бар. Ол – мынау. Сіз маған бір жыл мәuletінде бердім, – дейді. Содан кейін өзім түгілі дүниедегі тірі пенде естімеген бір хикая айтып берем, – деді Хасан.

Патша ойланбастан:

– Хош, бір жыл мәuletінде бердім, – дейді. Содан кейін алтын өрнекті судай жаңа шапан жауып:

– Ендігі шарт мынау – жыл бойы осы жерден табан аудармайсың, қасымда отыр демеймін, көзіме көрінбеуіңе де болады! Тек бір жылдан кейін алдымға айтқаныңды

орындаитын болып кел. Ойымнан шықсаң, бар олжа сенікі, әлгі айтқанымның бәрін істеймін. Ойымнан шықпасаң, өз обалың өзіне, мен сені білмеймін. Сен мені білмейсің, – деді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### **ЖЕТИ ЖҰЗ ЕЛУ ЖЕТИНІН ТҮН**

– Алдияр патшам! Әлқисса, сол жерде Мұхаммед ибн Сабаик патша:

– Ойымнан шықсаң, бар олжа сенікі, әлгі айтқанымның бәрін істеймін, ойымнан шықпасаң, өз обалың өзіне. Мен сені білмеймін, сен мені білмейсің, – деді. Хасан саудагер патшаның шалғайын тәу етті де сыртқа шықты. Өзіне тәуелді жігіттерден бесеуін таңдалап алды. Бұлар шетінен жазу-сызуға шебер, ақыл-парасаты биік, білімдар жігіттер болатын. Әрқайсынына бес мың динар ақша беріп тұрып:

– Мен сендерді осындай қыын-қыстауда пайдалары тиер деп тәрбиелегемін. Соның сағаты енді келді. Енді мына патшаның қойып отырған шартын орындауға қолұшын беретін сәттерің туды. Мені бұл қақпаннан өздерің құтқарыңдар, – деді.

– Құтылу үшін не істеуің керек еді? Жанымыз жолыңа садақа, біз дайын, – десті жігіттер.

– Сендер әрқайсысың әр өлкеге аттанасыңдар, сондағы ғұламалармен, көп білетін кәрі құлақтармен сұхбат құрып, олардың айтқан әңгімелерін тыңдайсыңдар. Солардың ішінен Сейф-әл-Мұлік жайлы хикаяны білетін адам кездессе, не сұраса да аянбандар. Күміс керек пе, алтын керек пе, не қаласа соны төгіндер. Мың динар талап етсе, табанда қолына сал, одан көп керек десе де тартынбандар. Маған, әйтеуір, сол хикаяны жеткізсөндер болды. Оны тауып келгенің менен не қаласаң, соны аласың. Маған одан артық қадірің болмайды, – деді.

Содан кейін Хасан саудагер бірінші жігітіне “Сен Үнді мен Синдиғе баrasың, бастан-аяқ аралап шығасың”, екінші жігітіне “Парсы мен Қытай жеріне”, үшінші жігітіне “Мағриптің тұкпір-тұкпірін қоймайсың”, төртіншісіне

“Хорасан еліне”, бесіншісіне “Сирия мен Мысырды кезіп шық” деп тапсырды.

Осыны айтып Хасан сәрсенбінің сәтін күтті. Сол күні:

– Ал, енді, бұгін аттанындар, маған не керек екенін білесіндер. Дәненеден аянбандар, мал керек пе, мал-жан керек пе – бәрін құрбан етіндер, – деді. Жігіттер саудагермен қош айтысып, өздеріне белгіленген тараптарға аттанып кетті. Төрт айдай жүріп төртеуі босқа сандалып қайтып келді. Болған шаһарларын, кезген елдерін, кездескен ғұлама-білгірлерінен тілге тиек болар ештеңе таппағандарын айтты. Хасан көнілі құлазып сала берді. Уайым күшейді.

Бесінші жігіт Сирия өлкесіне келгесін тартып отырып Дама (шай) шаһарынан бір-ақ шықты. Бұл өзі қауіп-қатері жоқ бейбіт шаһар екен. Көше бойы сылдырап акқан бұлақтар, көкжасыл бау-бақшада сайраған құстар, күллі ғаламның жаратушы иесі Алла тағаланың атын қайталап сан қылы үндер шалады. Жігіт кездескен адамдардан өзінің қожайынына керек нәрселерді сұрап, мұнда бірнеше күнді өткізді. Ешкімнен мардымды жауап таппады. Болмағасын басқа бір шаһарға кетпекші болды. Бір кезде шалғайына сүрініп-қабынып қашып келе жатқан бір балаға көзі тұсті.

– Шырағым, соншама аптығып саған не болды, қайда барасың? – деді.

– Осында бір инабатты шейх бар. Құдайдың құтты күні орындыққа жайғасып отырып, дәл осы уақытта ғажайып хикаяны бастайды. Оны тыңдауға құмар жандардың қисабы жоқ, оның әпсанасы ғаламат. Құлақ естіп, көз көрмегеннің бәрін біледі. Ертерек барып орын алмасам болмайды, – дейді жігіт.

– Мені де ерте кет, – дейді жігіт.

– Соңымнан қалма ендеше! – деп жүргіре жөнелді.

Жігіт тұскен үйінің есігін жапты да балаға ерді. Осы бетімен шейх отырған жерге келді. Орындыққа жайғасып алған иман жүзді кісіге көзі тұсті. Әңгіме басталып кеткен екен. Есебін тауып, жақынырақ келіп құлақ тікті. Күн орнына қона бергенде шейх әңгімесін аяқтады. Күнде әңгімесін тыңдалап жүргендер тарқай бастады. Сол кезде Хасан саудагердің жігіті шейхқа жақын келіп сәлем берді. Ол да жылышырай танытып, бата қайырып, игі тілегімен құрмет көрсетті. Сол жерде жігіт:

– Тақсыр, өзіңіз инабатты ғажайып кісі екенсіз, әңгімелеріңіз ғаламат. Сізден бірдене сұрайын деп едім, – дейді.

– Ол қандай сауал екен, айта бер, – деді шейх.

– Сіз Сейф-әл-Мұлік пен Бади әл-Жамал туралы хикаяны білесіз бе? – деді.

– Мұны кімнен естіп едін? Бұл хикаяны саған кім айтты?

– деді шейх.

– Мен оны ешкімнен де естіген жоқпын. Бірақ алыс өлкеден осы хикаяны іздеп келдім. Сіз не сұрасаңыз да беруге даярмын. Өзіңізде бар болса болды. Баяндап берсеңіз, маған одан артық мейірім болмас еді. Сіздей инабатты кісі мұндаидан бас тартпаса керек. Иман жүзді дидарыңыз оған қуә. Осы хикая үшін жаным алақанымда болса, сізге беруге жан-жүргегіммен ант етем – деді жігіт.

– Шырағым, сабыр ет, бойынды теже, ол хикаяны аласың. Бірақ ол кез келген жерде айтатын дүние емес және кез келген адамға бере салатын да дүние емес, – деді шейх.

– Алла риза болсын, тақсыр, қолымды қақпаңыз, не талап етсеңіз де айтыңыз, – деді жігіт.

– Бұл хикаяны алғың келсе, маған жүз динар бересің. Сонда хикая қолында болады, бірақ саған қояр бес түрлі шартым бар, – деді шейх.

Шейхта бұл хикаяның барына, оны өзі баяндауға да дайын екеніне жігіттің көзі жетіп, қуанышы қойнына сыймады.

– Мен сізге жүз динардың үстіне тағы он динар қосам. Қойған шартыңызға жүгінем. Хикаяны бересіз, – деді.

– Ендеше алтынынды әкел де, қалағанынды ала бер, – деді шейх.

Жігіт шейхтың қолын тәу етіп орнынан тұрды да, жатқан жеріне тартты. Қуанышында шек жоқ. Жүз динарға он динар қосып қалтасына салды. Таң атысымен киініп алды да шейхқа келді. Келсе, шейх дарбазасының алдында отыр екен. Иіліп сәлем берді. Шейх та ізет танытты. Содан кейін жігіт жүз динарға он динар қосып берді. Шейх алды. Шейх жігітті ертіп үйіне кірді. Жігітті отырғызып алдына қалам, қағаз, сия-сауытын қойып кітабын әкеліп:

– Мынадан іздеңінді жазып ал, Сейф-әл-Мұлік жайлы хикая осында, – деді.

Жігіт көшіріп жаза бастады. Қашан бітіргенше орнынан тұрған жоқ. Содан кейін көшіргенін шейхқа оқыды. Шейх кей жерін өз қолымен жөндеді де:

– Балам, саған қояр шарт мынау. Бұл хикаяны жолайрықта, әйелдер отырған жерде, көнизак, құлдардың көзінше, ақымақтардың арасында, кәмелетке жетпеген балалардың ортасында айта көрме. Мұны тек әмірлердің алдында, патшаларға, уәзірлерге, ғұлама кісілерге, Құран-қарилерге ғана оқитын бол, – деді.

Жігіт бұл шарттың бәрін орындастын болып пәтуаға келді. Содан кейін шейхтың қолын тәу етіп, қоштасып шығып кетті.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### ЖЕТИ ЖҰЗ ЕЛУ СЕГІЗІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, Хасан саудагердің жігіті Сириядың шейхтың кітабынан хикаяны жазып алды. Шейх жігітке қойған шарттарын айтты. Екеуі пәтуаға келді. Содан кейін шейхтың қолын тәу етіп, қоштасып, жігіт шығып кетті. Сол күні қуаныштан көңілі алабұртқан жігітіміз сапарға шықты. Көңілі көтеріңкі. Іздегені табылды. Сейф-әл-Мұлік жайлы хикая қолда. Жігіт күнді қунге, түнді түнге ұрып еш жерге аялдамастан өз еліне кірді. Сол-ақ еken қасындағы серігін “Сенің жігітің амансау келді. Іздегенін тапты, тілегіңіз орындалды” деген хабармен Хасан саудагерге жіберді.

Сонымен жігіт Хасан тұрған шаһарға келді. Саудагерге кісі жіберді. Бұл кезде Хасан саудагерге патша берген мерзімнің бітуіне он-ақ күн қалған еді, жігіт өзінің қожайынына келіп, басынан кешкен жайларды айтты. Саудагер жаны қалмай қуанды. Жігіт сол жерде демалды. Сейф-әл-Мұлік пен Бади әл-Жамал туралы жазылған кітапты Хасанға тапсырды. Көңілін бір демдеген саудагер өз үстіндегі киімдерінің бәрін жігітке кигізді. Он араб арғымағына қоса түйе берді. Уш қара құлға қоса еki тұтқынды және берді.

Содан кейін Хасан хикаяны алып өз қолымен көшіріп шықты. Шаруаның басы қайырылғасын патшаға барып:

– Алдияр патшам! Сізге өмір бойы тірі пенде естімеген, сирек кездесетін ғажайып хикаяларды алып келдім, – деді. Хасан саудагердің бұл сөзінен кейін патша белгілі әмірлерді, айтулы ғұламаларды, білімдар кісілерді, жақсыжайсандарды түгел шақыртты. Солардың алдында отырып Хасан саудагер патшаның көзінше қолындағы әпсананы оқып шықты.

Хикаяны патшамен бірге зиялды қауым ұйып тындалды. Хасан саудагерді отырған жерінде алтын-күміс, бағалы тастармен көміп таstadtы деуге де болады. Патша бағалы киімдер тартты. Қорған, қышлақтары мол бір шаһар берді. Уәдеге сай өзінің бас уәзірі етіп сайлап, оң жағына отырғызды. Хатиптерін шақыртып, бұл хикаяны алтын сиямен жаздырып, өзінің жеке қазынасына сақтап қоюға пәрмен етті. Содан бастап патша көңілі зеріккен кезде Хасанды шақыртып алып, хикаяны оқытып отыратын болды.

Бұл хикаяның мазмұны былай еді:

– Қадым заманның, ғасырлардың бір жылдарында Мысырда Әсим ибн Сафуан деген патша болыпты. Аса салауатты, кеңпейіл, ел құрметіне бөленген, өзі жомарт кісі екен. Жері де мол, шаһар-қорғандары да мол, ләшкерлері де мол, бұл жағынан мұқтаж болмапты. Сол патшаның Фарис ибн Салих деген уәзірі бар екен. Олардың бәрі де күллі әлемді жаратқан Алланың орнына күн мен отқа табынады екен. Патша әбден қартайып қайраты қашады, ауру-сырқаудан бас көтермейтін болады. Жасы жүз сексенге келгенше не ұл, не қызы перзент көрмепті. Осының салдарынан күндіз-түні қайғы-мұңға батып жүреді.

Бір күні Әсим патша өзін қоршаған игі жақсылар әкім-әмірлер, қолбасылар, уәзірлерінің ортасында күнделікті қалпында отырған-ды. Бұлардың қайсысында болсын бірді-екілі балалары бар. Патшага қарағанда фәниде мұны жоқ жандар. Қай-қайсысының да патшага қызмет көрсетуден басқа жұмысы жоқ. Бүгінгі отырыс та баяғы қалпы. Осыларға қарап отырып патша ішінен: “Бұлардың әрдайым көңілді жүретіні – балаларының барлығы. Мен болсам жүрдаймын. Ертең көз жұмғанымда тақ та, бақ та, қазына байлық та, бүкіл патшалық та отырып қалады. Бәрі де ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді. Мені есіне алатын тірі пенде болмайды. Дүниеден із-түzsіз кетті

деген осы емес пе?..” деп қамықты. Әсим патша осылайша мұң мұхитына батып отырып, зар-запыранға шыдамай жылап қоя берді. Сол күні тағынан түсіп жерге отырды. Көз жасы тыйылар емес. Мұншама бейшаралықты кім көрген?! Уәзірлер де, жиналған зиялды қауым да патшаның мына қалпына шыдамай, бас уәзір отырғандарға: “Үйді-үйлеріне тарқаңдар, өз шаруаларыңмен болындар. Мына халден патша есін жинағанша бара тұрындар” деп жар салды.

Жұрттың бәрі кетті. Патша мен уәзір ғана қалды. Сәлден кейін патша есін жиды-ау деген кезде уәзір патшаның қолын тәу етіп, маңдайына басып отырып:

— Да, заманымыздың мәртебелі падишасы, мына көз жасыңыздың себебі не? Өзіңізге қастандық ойлап жүрген патша бар ма, әлде әмір-әкімдерден жәбір көрдіңіз бе, қарсы келіп тіліңізді алмай жүргендегі болса айтыңыз, ондайлардың жанын жаһаннамға жіберуге біздер дайын, – деді. Патша басын көтермей үнсіз отыр. Уәзір тағы да басы жерге тигенше алдына тағым етіп:

— Мәртебелі падишам, мына алдыңызда тұрған мен әрі балаңыз, әрі құлыңызбын. Мені тәрбиелегендеге өзіңіз осыншама зар шегетіндей не бол қалғанына түсінбей отырмын. Бұл қайдан шыққан күйзеліс, оны мен білмегендегі кім біледі? Осы патшалықта менен жақын кіміңіз бар? Тым болмаса көз жасыңыздың, мұң-мұқтажыңыздың себебін айтыңыз маған, – деді. Бұған да патша ләм деп тіл қатпады. Басын көтермегі, көз жасы тыйылмады. Ақырында дауыс салып, еңіреп қоя берді. Әлденені жоқтағандай бірденелерді айттып, ах ұрып айқай салды. Уәзір не боларын күтті. Одан ештеңе шықпаған соң:

— Енді осы сұмдықтың себебін айтпасаңыз көз алдыңызда қанжарға түсіп өлем. Сіздің бұл күніңізге күә болғанша өлгенім абзal,— деді уәзір. Мынадан кейін Әсим патша басын көтерді, көз жасын сүртті. Содан соң уәзіріне:

— Жанашыр ақылшым, өз қайғы-мұңыммен өзім кетейін, оны қазбалап қайтесің?! Жүрек жарасы өз басыма жетеді, мені қинама, – деді. Уәзір оған көнбей:

— Бұл көз жасы тегін емес. Маған айтудың керек. Мүмкін Тәңірім менің қолыммен жараңыздың шипасын табар, – деді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### ЖЕТІ ЖҰЗ ЕЛУ ТОҒЫЗЫНШЫ ТҮН

— Алдияр патшам! Әлқисса, уәзір патшаның уәжіне көнбей:

— Бұл көз жасы тегін емес. Маған айтуыңыз керек. Мүмкін Тәңірім менің қолыммен жараныздың шипасын табар, — деді.

— Уәзірім, қоймадың ғой. Бұл дүние-байлықтың қолынан шыққан көз жасы емес. Ондайды ойлап маған көрім көрініп пе?! Міне, өзің көріп отырысың, қартайдым, жас болса жұз сексенге келді. Осы уақытқа дейін өз қанымнан не ұл, не қыз көрмедім. Ертең көз жұмғанда жерлейді, сонымен бұл фәниден ізім де, атым да жоғалады. Таққа да, патшалыққа да бөгде біреу ие болып қала береді. Менің атымды да атамайтын болады, — деді. Сол жерде уәзір:

— Ya, мәртебелі падишам, мұң-зарымыз бір екен. Мен де бұл фәниде перзент көрмей келем. Күні-тұні ойлайтыным сол. Амал қанша, сонда екеуміз бұл жаһанда не істеуіміз лазы?.. Бір кезде Дәуіт пайғамбардың баласы (екеуінің де жанын жәннаттан етсін) Сұлеймен пайғамбар жайлы естіп едім. Соның ғаламат өулие әміршісі бар екен. Не тілесен, соны беретін көрінеді. Сол Сұлейменге тарту-таралғымен барсам деймін. Әлгі өулие әміршісіне айтса, мүмкін сол екеумізге екі ұл беруі ғажап емес, — деді.

Сонымен уәзір сапарға дайындалды. Неше түрлі тартусый алып, көп ұзамаай Сұлейменге аттанды. Сол кездері Сұлейменге түсінде: “Саған Мысырдың патшасы пәлендей-түгендей қымбат сыйлары мен уәзірін жіберді. Сен соларды қарсы алуға өзіңің Асаф ибн Барахилды аттандыр. Ол келе жатқан меймандарға құрмет көрсетіп, жол-жөнекей жағдай жасасын. Ас-судан кенде болмасын. Олар өзіңе келген кезде “Сені жіберген патшаның аты пәленше, өтініштерінің түрі мынау да мынау, сенің де арманаңсауың белгілі. Олай болса алдымен Ислам дініне кір!” деген сонда не дер екен” деген аян берді.

Сол-ақ екен Сұлеймен пайғамбар уәзірі Асафты шақырып алды. Келе жатқан елші-меймандардың алдынан шығып, өзімізге жеткенше сый-сияптардан айырмандар, жол-жөнекей түстенген, қонған жеріндегі тағамдары мол болсын деген пәрмен берді. Асаф керек-жарақтың бәрін

дайындал, Мысыр патшасының уәзірі Фаристі қарсы алуға аттанды. Суыт жүріп отырып Фарис қосынына кездесті.

– Мәзір дайын, төр дайын, қош келіпсіздер! Көздеген мақсатым орындалды дей беріңдер, ол жағынан қам жемендер, көз жастарың тыйылады, енді көңілдерінде кірбің болмасын, – деп құрмет-қошеметпен қарсы алды. Фарис ішінен “Біздің жағдайымызды бұларға кім жеткізді екен?” дейді. Содан кейін Фарис:

– Мәртебелі тақсыр, біздің сапарымыздың мақсат-мұддесін сіздер қайдан білдініздер? – деді.

– Дәуіт пайғамбардың баласы Сұлеймен пайғамбардың өзі айтты, – деді Асаф ибн Баражил.

– Сонда Сұлеймен пайғамбарға кім баяндапты? – деді.

– Құллі ғаламның иесі Алла тағаламның өзі аян берген, – деді Асаф.

– Шынында да Алла тағаланың құдіреті күшті екен, – деді Фарис Асаф ибн Баражил таңданып.

– Сендер оған табынбайтын ба едіндер? – деді.

– Біздер күнге табынып, соған құлшылық етеміз, – деді Мысыр патшасының уәзірі.

– Құн дегенің Алла тағалам жаратқан толып жатқан жұлдыздардың бірі емес пе?! Оған “құдай” боларлық құдірет қайдан келсін?! Құн дегенің құндіз бар, түнде жоқ. Ал Алла тағалам бүкіл дүниені құндіз-түні бағып отырады, – деді.

Сол жерден жүріп отырып, дендерген жеріне келді. Бұл арадан Сұлеймен пайғамбардың тұрған жері алыс емес. Сұлеймен пайғамбар өзінің қол астындағы он сегіз мың ғаламның өкілдеріне қонақтар келе жатқан жолдың екі бетіне екі қатардан тұрындар деген пәрмен берді. Адамдар, жындар, теңіз хайуанаттары, жолбарыс, арыстан, сілеусін, қасқыр, мәлін, қарсай, қысқасы, төрт аяқтының бәрі тұр-тұрімен екі қатардан жолдың екі бетіне сап түзеді. Жалғыз көзді дилю-жындардың неше атасы қаз-қатар қанатын жайып, бұларға құн түсірмей көкте қалқып жүрді. Бұлбұл сандуғаштар сан тілде сайрап көңіл хошын табады. Бұларды көргенде Мысырдан келе жатқан жолаушылар өрі жүруге жүректері дауаламай, іркіліп қалды. Асаф оларға:

– Қорықпандар, ортасын жарып жүре беріңдер, бұлардың бәрі Сұлеймен пайғамбарға тәуелді мақұлыштар, сендерге тимейді, қауіпсінбендер, – деді де, өзі бастап

жүрді. Мысырдан келе жатқандар да сонынан ерді. Осылайша жүріп отырып бір шаһарға келді. Қонақтарды арнаулы мейманханаға орналастырды. Бұларға аса биік құрмет-қошемет көрсетілді. Ішім-жем дегеніңіздің неше атасы алдарында болды. Уш күндей осында аялдады.

Содан кейін меймандарды Сұлеймен пайғамбардың алдына алып келді. Мысырдан келгендер Сұлеймен пайғамбардың алдына келгесін, оның табалдырығына бас иіп тәу ете бергенде пайғамбар тұрып:

– Адам баласына табалдырыққа табынуға болмайды, адамның табынары тек Алла тағала, адам мен жердің Жаратушысы, құллі ғаламның Иесі өзі ғана, өздеріңнің бұрынғы қалыптарыңнан таймандар, маған қызмет көрсетем деп өуре болмаңдар, – деді. Бұлар мақұл көрді. Фарис уәзір бірнеше кіслерімен отырды. Қалғандары түрегеп тұрды. Пайғамбар “Жайғасындар!” дегендей ишарат етті. Бәрі отырған соң алдарына дастарқан жайылды. Неше қылыштар қойылды. Бәрі де ішіп-жеп, дастарқанға бата қайырды.

Содан кейін Сұлеймен пайғамбар Мысыр патшасының уәзіріне келген мақсатынды, мұң-мұқтажынды айта отыр. Оның қабыл болуы өзіңе байланысты дей келіп:

– Элбette, мақсатыңың бәрін бүкпей айтарсың. Сонша жерден тегін келіп отырған жоқсың. Ондағы мақсатың мынадай-мынадай. Осыларым орындалса екен деген ниетің бар. Оны біліп отырмын. Сені мұнда жіберген Мысыр патшасының аты – Әсим. Қазір қартайып, қайраты қашып отыр. Бұл фәниде соншама ғұмыр кешіп не ұл, не қызы перзент көрмепті. Ол бейшараны соның қайғысы күндіз-түні жанын жегідей жеп барады. Бір күні өз патшалығының тағында отырғанда балалы-шағалы әмір-әкім, уәзір, игі жақсылар жиналды. Олардың бірінде екеу, бірінде үштен балалары бар еді, соларын ертіп келді. Сөйтіп патшаға қызмет көрсетіп жатты. Осыны көріп отырған патша іштей қапа болып: “Япыр-ай, ертең мен өлгенде патшалығым кімнің қолына көшер екен?.. Бөтен адам билеп кетсе болды, менің бұл дүниеде ғұмыр кешкен-кешпегенімді тірі пенде білмей қала береді ғой!..” деді. Осы оймен ол мұң мұхитына батып кетті. Ақырында ол көзден жас, көкіректен жалын болып шықты. Сол-ақ екен бетін орамалмен басып еніреп қоя берді. Өксігін баса алмай

көп отырды. Бір кезде тағынан түсіп еңреген күйі жерге отырды. Оның жүргегіндегі қайғы-зардың аңсау-арманын Алла тағаладан басқа ешкім білген жоқ...

Шаһризада әңгімесі осы түсқа келгенде таң атты.



#### **ЖЕТИ ЖҰЗ АЛПЫСЫНЫШЫ ТҮН**

— Алдияр патшам! Әлқисса, Сұлеймен пайғамбар отырып Мысыр патшасының сарайында болған оқиғаны, патшаның зар шегіп қалай жылағанын, оны Фарис уәзірдің қалай жұбатып мұндақсанын бастан-аяқ қолмен қойғандай баяндай келіп:

— Осы айтып отырғаным ақиқат па? — деді Фариске бұрылып.

— Алла тағаланың сүйікті пайғамбары, осы айтқанда-рыңызда зәредей қате жоқ. Бәрі ақиқат. Оның қатесі жоқ деген осы. Ал енді патшамен сырласқан екеуміз-ақ едік. Бөгде ешкім болған жоқ. Сонда осының бәрін сізге кім айтып жүр? — деді.

— Бұл ғаламдағы құпия-сырдың бәрін біліп отыратын Алла тағаламның өзі аян берді, — деді Сұлеймен пайғамбар.

— Ендеше, сенің сиынғаның нағыз әділет игіліктің егесі еken. Оның бүкіл әлемге Құдіреті жететініне сендім, — деді Фарис уәзір.

Сол жерде Фарис уәзір қасындағылармен түгелдей Ислам дініне енді. Сұлеймен пайғамбар Фариске:

— Сен мынадай қымбат бағалы сыйлықтар алып келіпсің, — деді.

— Оныңыз да рас, — деді Фарис.

— Оларды қабылдауын қабылдаймын. Бірақ қайтарып өзіңе сыйға тартам, мен өйткені дүниеге зәру емеспін. Осы келген жерлеріңе жайғасып демалындар. Ұзақ жолдан шаршап-шалдығып жеткендерің белгілі. Ертең сәтін салса, келген мақсаттарың ойдағыдай орындалады. Оған бүкіл ғаламның жаратушысы Алла тағаланың өзі жәрдем етеді, — деді.

Фарис уәзір жолдастарының қасына кетті. Келесі күні Сұлеймен Фариске:

— Сендер осыдан барып Әсим ибн Сафуан патшаға кездескен соң сол жердегі бір дарақтың басына шығындар

да бесін намазға үн-тұңсіз отырындар. Күндізгі аптаптың беті қайтты-ау деген кезде ағаштан тәмен түсесіндер. Сол кезде ағаштың түбінде жылжып бара жатқан екі жыланға көздерің түседі. Бір жылан маймыл басты, екінші жылан пері басты болады. Оларды көрісімен екеуін де садақпен атып өлтіріндер. Басынан тәмен бір қарыстай, құйрығынан бір қарыстай кесіп тастаңдар да, қалған етін әбден қайнатып, пісіріндер. Соны әйелдеріне жегізіндер де, бірге түнеп шығындар. Алланың әмірімен олар ертеңіне екіқабат болып оянады. Балалары ұл болады.

Содан кейін (жаның жәннатта болғыр) Сұлеймен пайғамбар Фаристің алдына бір жузік пен бір семсер қойды. Қымбат тастар шеккен екі қамзолы бар түйіншекті беріп:

– Балаларың ержетіп, жігіт жасына жеткенде осы қамзолдарды бересіндер, – деді де, сәлден соң:

– Алла тағалам сендердің тілектерінді қабыл етті. Енді аландамай елдеріңе қайта беріндер. Алла тағалам оң сапарынды берсін, патшан құні-тұні сенің жолыңа қарап отыр. Екі көзі сен жақта, – деді. Фарис уәзір Сұлеймен пайғамбардың қолын мандайына басып шалғайынан тәуеп етіп, қоштасып шығып кетті. Тілек қабыл болғанына қуанышы қойнына сыймай асығыс еліне тартты. Күнді қүнге, тұнді тұнге ұрып дамылсыз жүріп отырып Мысырға жетті. Ел шетіне кірісімен Әсим патшаға хабар жіберді. Уәзіріңің тілегі орындалып оралып келе жатқанына Әсим қатты қуанды. Патша төңірегіндегілердің де көңілдері көтеріліп, шат-шадыман күйге тұсті. Фаристің сапары оң болғанына қуанбаған пенде жоқ. Бүкіл ләшкөрлер тартты.

Патшасын анадай жерден көре Фарис уәзір көлігінен түсіп, жаяулатып келіп тағзым етті. Тілегінің қабыл болғанын хабарлап, Ислам дініне енуін өтінді. Әсим патша Алланың бірлігін мойындаған, көлима қайырды. Сосын уәзіріне:

– Ал енді, Фарис, қазір үйіңе бар да бір аптадай демал. Моншаға түсіп, әбден қалпыңа келгесін өзіңмен ғана ақылдасатын бір шаруа бар, – деді. Уәзірі құлдық ұрып, өзінің нөкерлері, малай, құл-құтандарын ертіп үйіне келіпті. Табандай сегіз күн демалды. Содан кейін патшасына келіп Дәуіттің ұлы Сұлеймен пайғамбармен араларында болған жайларды баяндады. Сөз аяғында:

– Сыртқа шығып, екеуміз жеке кетейік, – деді.

Патша уәзірі екеуі садақтарымен бір-бір жебе алыш, әлгі дарақтың басына шығып үн-тұңсіз отырды. Бесін мезгілі өтті. Намаздыгер жақындады. Содан ағаштан төмен тұсті. Ағаш түбінен жылжып бара жатқан екі жыланда көздері шалды. Патша аң-таң. Құдайдың құдіретімен, жыландардағы алтын алқалар көздің жауын алады.

– Уәзірім, байқап тұрмысын, мына жыландардың алтын алқалары ғажап емес пе?! Оллани, бұл ғаламат дүние! Енді осыларды ұстап алыш торға сақтасаң қайтеді? – деді Әсим патша.

– Алла тағалам бұларды да тегін жаратпаған шығар. Онан да біреуіне сен жебеңді жібер, біреуіне мен жіберейін, – деді.

Жыландарды өлтіріп, бас жағынан бір қарыстай, құйрық жағынан бір қарыстай кесіп тастады да, қалғанын патшаның үйіне өкелді. Заматында аспазшыларды шақырып алыш:

– Мынаны тұздықтап, жақсылап пісіріндер де, екі табаққа салып өкеліндер. Бәлен уақытқа дайын болсын, кешіктірмендер, – деді.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### ЖЕТИ ЖҰЗ АЛПЫС БІРІНШІ ТҮН

– Алдияр патшам! Әлқисса, сол жерде патша уәзірімен жыландардың етін даяшыға беріп тұрып:

– Мынаны тұздықтап, жақсылап пісіріндер де, екі табаққа салып өкеліндер. Пәлен уақытқа дайын болсын, кешіктірмендер, – деді.

Аспазшы алды да апарып қазанға салды. Әбден бабымен пісіріп, қалампыр қосып тұздықтап, екі ыдысқа бөліп салып патша мен уәзірдің алдарына әкеп қойды. Бірін патша, екіншісін уәзір алыш әйелдеріне әкеліп жегізді де, әйелдерімен тұнеп шықты. Алла тағаланың әмірімен екі әйелдің де сол тұні құрсағына бала бітті. Арада үш айдай уақыт өтті. Бірақ патша “Осыдан әйелімнің екіқабат болғаны шын ба екен?..” деп іштей екі ойлы болып жүрді.

Күндердің күнінде әйелі жалғыз отырғанда ішінде баланың қимылдағанын сезді. Сонда барып екіқабат екеніне көзі жетіп қуанды. Күннен күнге аяғы ауырлап,

реңі өзгеріп сала берді. Азбанқұлдарының ең үлкенін шақырып алыш:

– Қайда отырса да патшаны тауып ал да “Уа, заманымыздың ұлы патшасы, бибіңіздің екіқабат екені анықталды. Ішіндегі бала қимыллады” деп сүйінші сұра, – деді.

Азбанқұл сүрініп-қабынып тұра жөнелді. Барса, патша он жағын таянып, ауыр ойда отыр екен. Азбанқұл келе аяғына жығылып, бибісінің екіқабат екенін айтЫП, сүйінші сұрады.

Патшаның қуанғаны сонша, орнынан атып тұрып азбанқұлдың қолынан сүйіп алыш, маңдайына басты. Айшайға қарамастан ұстіндегі киімін шешіп азбанқұлға жапты да, төңірегіндегі отырғандарға:

– Мені сыйлайтындарың мынадан ештеңе аямандар, – деді. Сол жерде асыл тастар, ақшалар азбанқұлға жауып кетті. Ат мінгізген, қашыр атағандар, бақша, жер бөліп бергендердің есебі жоқ. Азбанқұл табан астында байлыққа батып шыға келді.

Осы сәтте патшаның ұстіне кіріп келген уәзір:

– Заманымыздың ұлы патшасы, жаңа үйде “Осы менің әйелім шынымен екіқабат па екен?..” деп ойға батып отыр едім, азбанқұл сүйінші сұрап кіріп келгені. Эйелім ақиқат екіқабат бол шықты. Бұғін баласы қимылдапты. Кейінгі кезде реңі де өзгергенін байқап жүр едім. Қуанғаным сонша, ұстімдегі кимдерімді шешіп азбанқұлдың иығына жауып, мың динарды алақанына салып, өзін бас азбанқұл етіп тағайыннадым, – деді.

– Уәзірім, Алла тағалам біз екеумізді жарылқағаны ғой. Алланың ықыласы тұсті деген осы емес пе?! Ислам дінін қабылдағанымыз мұндай мақұл болар ма! Алла тағалам бізді жарыққа алыш шықты. Бұдан артық мейірім-шапағат болар ма?! Мен де қол астымдағылардың бәріне жақсылығымды аямаймын. Бәрін де қуанышқа бөлеймін, – деді патша елігіп.

– Ол жағы өз еркіңізде, – деді уәзір.

Сол жерде патша отырып:

– Уәзірім, қазір бар да бұрын қылмыс жасап, түрмеде отырғандардың бәрін босатып жібер. Одан кейін кінә жасағандар болса кезінде көре жатармыз. Мойнында қарызы барларға кешірім. Жұрттың бәрі үш жыл бойы алым-салықтан азат етілсін. Шаһарда айналған асханалар

орнатылсын. Аспаздар әр түрлі тағамдар өзірлесін, ас ішетін ыдыстар жеткілікті болсын. Күндіз-тұні тағам, тамақ үзілмесін. Шаһар халқы, жақын қышлақтар тегін тамақтанып, ішіп-жесін. Артылғанын үйлеріне алып кететін болсын. Жұрт емін-еркін көңіл көтеріп, сауық-сайран салсын. Шаһарды безендіріп, жеті күн мейрамдасын. Дүкендер күндіз-тұні ашық болсын, – деп пәрмен етті.

Патшаның өмірін уәзір заматында іске асырды. Шаһар безендірілді. Қорған-ғимараттар жайнап кетті. Халық ең тәуір киімдерін киіп шығып, ойын-сауық біріне-бірі ұласты. Ішіп-жем ағыл-тегіл болды.

Айы-күні жетті-ау деген бір тұні патшаның өйелі толғата бастады. Әсим патша бүкіл шаһардың оқымысты-ғұламаларын қағаз жайып, қауырсын қалам ұстағандарын, атақты жұлдызнамашыларын, көзі ашық өулиелерін түгел жиды. Бәрі өз дәрежелеріне сай патша сарайына келіп қаз-қатар жайғасты. Ортадағы алтын табаққа қашан шар түседі екен деп бағып отыр. Әйел босанды-ау дегенде жақын адамдардың тостаққа шар тастау дәстүрі бар-ды. Жұрттың асыға күткені – сол. Сөйткенше шар түсті. Ажары айдай, дүниеге келген сәбидің тағдыр-талабын жұлдызыны есептеп шығара бастады. Жұрттың бәрі соның аузына қарап қалған. Бұлардың болжамы бір жерге тоғысты.

Бәрі патшаның алдында құлдық ұра қуанышты болжамдарын айтты. – Баланың өмірі ұзақ әрі бақытты болады екен, – деп келіп:

– Бірақ өмірінің алғашында көптеген қындықтарға кездесе ме қалай, патшаға ашып айтуға қамығып отырмыз, – десті.

– Тартынбандар, айта беріндер, – деді патша Әсим.

– Алдияр патшам, балаңыз ат жалын тартып мінгенде ұзақ сапарларға шығады. Бөтен елдерді аралайды. Теңізге қарық болып, талай қын-қыстау күндерді басынан кешеді. Тұтқынға түсіп, азап шегеді. Ақыры мол машақатты жеңіп, қалған өмірі азат, бақыт-берекемен ұласады. Талай-талай өлкелерге билік жүргізеді, қол астындағы бағыныштылар, құл-құтандары мол болады. Дегеніне жетіп, дүшпандарын табанының астына салады. Бетіне қарсы келер пенде болмайды, – деді жұлдызыны. Бұлардың сөзін тыңдал болған соң патша:

— Алдағы өмір бізге жұмбақ. Пенде Алла тағалам пешенесіне не жазса, соны көрмей тынбайды. Аллам не бүйірады, сол болады! Кесапат-қырсығы болсын, қуаныш-жұбанышы болсын жазмыштан озмыш жоқ! Пенде көресісін көрмей көрге тұспейді, — деді. Патша жұлдызышылардың айтқандарына онша назар аудармастан бәріне де асыл киімдер жауып, құрмет-қошеметін көрсетті. Жиналғандардың бәрі де риза пейілмен тарқады.

Сөйткенше патша уәзірі Фарис алдына жетіп келіп патшаның шалғайын тәу ете құлап:

— Мәртебелі падишам! Қуанышты хабарым бар! Жаңа ғана әйелім босанды, ажары айдай ұл тапты, — деді.

— Құтты болсын! Онда әйелінді де, баланды да алып кел. Екеуі де менің сарайымда бірге тәрбиеленіп, бірге өссін. Әйелің әйелімнің қасында болсын, екеуі сәбілерін бірге өсірсін, — деді патша. Әне-міне дегенше уәзір баласы мен әйелін патша сарайына әкелді. Екі сәбидің күтушілері де, бағып-қағатындары да бір болды.

Арада жеті құн өткенде сәбілерді патшаға әкелді. Әсим патшаға:

— Бұлардың атын кім деп қоясыз? — десті.

— Өздерің қойындар, — деді патша.

— Әкесі тұрғанда баланың атын бөгде біреу қоя ма? — десті.

Патша ойланып тұрып:

— Менің балам ұлken әкеммен аттас Сейф-әл-Мұлік болсын, ал уәзірдің баласының атын Саид қояйық, — деді. Бәрі мақұл көрді.

— Ал, ендеше, жақсылап бағып-қағып тәрбиелендер! — деп патша батасын беріп, күтушілерге тапсырды.

Тәрбиеде мін болмайды. Әне-міне дегенше балалар бес жасқа толды. Енді патша екеуін де Фариске тапсырды. Алғаш Құраннан тіл сындырып, жазу-сызуға үйренді. Он жасқа дейін білім-ғылымның бар саласынан хабардар болды. Он жасынан патша екеуін де атқа қондырып, садақ тарту, семсер сілтеу, найзагерлік өнеріне машықтандыра бастады. Он бес жасқа дейін әскери өнерді де түгел менгерді. Бұл жағынан тең келетіндер болмады. Екеуі де мың қол әскерге жалғыз шығатын дәрежеге жетті. Бұғана бекіді, қабырға қатты. Бұлардың ерлік айбатына Әсим патша сүйсіне қарап, іштей риза болып жүрді.

Бұлардың жасы жиырмаға шыққанда Әсим патша уәзірі Фаристы оңаша шақырып алып:

– Уәзірім, маған бір ой келді. Оны орындау үшін алдымен өзіңмен ақылдасайын деп отырмын, – деді.

– Ойыңызға не келсе, соны істей беріңіз. Өйткені сіздің ойыңыздың бәрі игілікке бастайды, – деді уәзірі.

– Ендеше, құлақ сал. Өзің көріп отырсың, жасым болса біразға келді. Бұрынғы қайрат-қайыр жоқ. Қартайды деген осы емес пе?! Ендігі қалған өмірді оңаша жайда Аллаға мінәжат етіп өткізгенім абзал. Сондықтан барлық билікті де, сұлтандық лауазымымды да көзім тіріде балам Сейф-әл-Мұлікке тапсырсам деймін. Өзі тамаша жігіт болып өсті. Ақыл-парасаты да, ерлік-қайраты да ешкімнен кем емес. Әрі тәрбиелі, әрі әділ толысып келген шағы. Ел тізгінің ұстауға бәрі сай келіп тұр ма деймін! Сенен жасырар сыр жоқ, бұл ойыма қалай қарайсың? – деді.

– Бұл ойыңыз тамаша, патшам! Мұның бәрі игі ойдан, береке-бірлік мұддесінен туындалп отыр деп білем. Осыған ден қойсаңыз, мен де сіздің ізіңізben шығам. Уәзірлігімді балама тапсырам, шүкір, ақыл-парасаттан кенде емес, екеуі тізе қосып алып кетеді. Біз болсақ сыртта бағып, ақыл-кеңес айтып отырамыз, жөн-жоба сілтеп, қамқор болып жүргеніміздің өзі жетеді, – деді уәзірі мақұлдаپ.

Патша мен уәзір ойы бір жерден шықты.

– Олай болса, – деді Әсим патша, – қол астыныңдағы елдердің тұқпір-тұқпіріне, қорған-бекіністердің басшыларына хат жазып желтабандарды аттандыр. Пәлен айдың түгені күні бәрі де шаһар ортасындағы Пілдер алаңына жиналатын болсын. Пәтуа осы.

Уәзір заматында патшаның алдынан шығысымен бүкіл өз қол астындағы уәләяттардың әкім-қараларына түгелдей хат жазып, пәлен ай, пәлен уақытта жиналындар деп шапқыншылар аттандырды.

Басқосар уақыт жақыннады-ау дегенде Әсим патша шаһар алаңына шатырлар құруға пәрмен етті. Мейрам күндеріне байланысты сәнді-салтанатты шатырлар шаһар алаңына тігіліп, патша тағын сонда аппаратын салты барды. Бұл жолы да солай болмақ. Әне-міне дегенше патша пәрмені орындалды. Шаһар алаңы жайнап сала берді. Патша тағы да сонда орнады. Сарайбандар, әмірлер, әкімдер, орталарында патшаның өзі шұбырып келеді.

Патша жаршыларға “Алланың атымен! Бәрің де алаңға жиналышындар” дегенді айтқызды.

Патшалықтың шартарабынан жиналған жақсы-жайсаңдар, әмір уәзірлер патша отырған шатырға кірді. Патша құрмет-қошеметтерін көрсетіп жатыр. Дәрежелеріне сай отырғаны отырып, қалғаны түрегеліп тұр. Бәрі жиналды ау дегенде патша дастарқан жайдырды. Ішіп-жеп, патшаға игі тілектер айтты. Содан кейін патша сарайбандарға, алаңға жиналған халық өзір тарқамасын дегізіп жар салдырды. “Уа, жамағат, патшаның сөзін тыңдамай ешқайсысың кетуші болмаңдар!” деген сөздер алаңды басына көтерді. Сөйткенше патша шатыр алдына шығып: “Мені сыйлайтындарың, жақсы көретіндерің сабыр етіп, сөзіме құлақ асындар!” деді. Мына жарлықтан кейін жұрт жайғасып отыра-отыра кетті.

Жұрттың енді қозғалмасына көзі жеткен патша айнала шолып бір қарап алды да:

– Уа, әмір мен уәзірлер, ел басқарушы игі жақсылар, үлкен-кішілі жергілікті әкімдер, жиналған жамағат! Осы патшалық тағы маған ата-бабамнан келе жатқан мұра екенін білесіндер ме? – деді.

– Элбette, білеміз, падиша! – деп шу етті жұрт.

– Өздеріңе мәлім, кезінде осы отырған бәріміз күнге, айға табындық. Ақырында Алла тағаланың мейірімі түсіп бізді тымырсық тұнектен сақтап, жарық, жарқын жолға бастады. Ислам дініне әкелді. Алла тағаланың мұнысына мың қатта шүкіршілік! Енді өздерің көріп отырсындар. Мен әбден қартайдым, бұрынғы қайрат-қажырым жоқ. Енді Аллаға мінәжат етіп, бұрынғы жасаған кінәмді кешіре гөр деп қалған өмірімді хижрада өткізуге бел будым. Мына алдарында тұрған – менің балам. Ендігі патшаларың осы болмақ. Бұл өзі ақыл-парасатқа кеніш, тілге шешен, іске көсем, әділ де, қайырымды жігіт бол өсті. Қазір сендердің алдарында патшалығымды осыған тапсырам. Бұдан былайғы патшаларың осы болмақ. Менің тағымда отыратын ендігі сұлтандарың, өзім Аллаға мінәжат етуге хижраға кетем. Балам Сейф-әл-Мұлік патшалықты қабылдап, бұдан былайғы тағдырларынды шешіп отыратын болады. Бұған қалай қарайсындар, жамағат? – деді.

— Да, біздің қамқоршы патшамыз, сол қазір өз аузынан біздің билігімізді қарауындағы құлдың біріне тапсырсаң да құлақ қақпай мақұлдар едік. Орнына өз балаң Сейф-әл-Мұлік патша болмағанды кім болушы еді?! Біз оны жантәнімізбен өз патшамыз деп мойындаймыз. “Қылша мойын – талша” деген, дайынбыз! – десіп шуласып бүкіл аланды бастарына көтерді.

Әсім ибн Сафуан патша тағынан түсті де, қолынан жетектеп апарып баласын отырғызды. Басындағы тәжін алып баласының басына кигізді. Патшалық белбеуін шешіп баласына байлады. Содан кейін Әсім ибн Сафуан патша патшалық тақтың етегіне келіп отырды. Сол-ақ екен уәзірлер, әкімдер, игі жақсылар патшаның алдына келіп бас иіп, шалғайын тәу етіп, “Патшалық дәрежеге өзінізден лайығы жоқ. Бері де тек өзінізге жарасады” деген қошеметтерін жаудырды. “Бәрімізге де мейірімді бола көріңіз” дегендей ұрандар тастап шуласып кетті. Игі тілек, баталар беріп құрмет, қошеметте шек болмай кетті. Сейф-әл-Мұлік патша отырған қауымның үстінен алтын-күміс аралас шашу шашты.

Шаһризада әңгімесі осы тұсқа келгенде таң атты.



#### ЖЕТИ ЖҰЗ АЛПЫС ЕКІНШІ ТҮН

— Алдияр патшам! Әлқисса, Әсім патша баласы Сейф-әл-Мұлікті таққа отырғызған соң жиналған қауым игі тілектер айтып, баталарын берді. Майданда жеңістерге жете беруіне, өмірде әділ де мейірімді болуға шақырды. Сейф-әл-Мұлік жиналған қауымның үстінен алтын-күміс аралас шашу шашып, жағалы киімдер сыйға тартты. Сөйткенше уәзір Фарис орнынан ұшып тұрып жерге басы жеткеше тағзым етті де:

— Да, игі жақсылар, өмір-әкімдер, менің де уәзірлік лауазымым ата-бабаларымнан мирас болып келе жатқанын білесіңдер! Өз басым Әсім патша таққа отырғаннан бұрын уәзір болғаным естерінде бар ма? Міне, бүгін Әсім Сафуан патшалық билігін баласына беріп отыр, – деді. Отырған қауым:

— Білеміз, білеміз. Сенің де уәзірлік лауазымың ата-бабаңнан келе жатыр, – деп шуласып қоя берді. Содан кейін уәзір: